

## References

- 1 Bajtursynuly A. Bes tomдықshygarmalarzhinagy [Collected Works in Five Volumes](Alash, Almaty, 2003)
- 2 Ajsultanova Q.A., Shynybekova A.K. Terminzhasamzhanelatynzhazuymaselesi [the terminology and the Latin script], Qazaq ulttykuniversitetininhabarshysy[Bulletin of the Kazakh National University], 152(6), 118-120(2015)[in Kazakh]
- 3 Ahmetov Z. Bykilqazaq «Ahang» degen[Nicknamed «Ahang» by all Kazakhs], Ulttyngulyustazy. [The great teacher of the nation], A., 64 p(2001)
- 4 Bajtursynuly A. «Qazaq» gazetinenyzindi[an excerpt from the newspaper Kazakh], Tilzhaneqogam. Al'manah.[Language and society], 42(4), 93-95(2015)
- 5 Ajtbajuly O. Osnovy kazahs kojtermino logii [Bases of Kazakh terminology] (Abzal-ay, Almaty, 2014).

**Сведение об авторах:**

Аманова М.И. – түркітану кафедрасының 2-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Amanova. M.I. – second-year master degree student of Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

ГРНТИ 11.25.45

**А.Ж. Токмурзаева**

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: aqbota\_zh@mail.ru)*

**Қазақ хандығы мемлекетінің халықаралық қатынасы контексіндегі  
этноморальдық факторлар: теориялық талдау**

**Аннотация.** Мақалада ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы мемлекетінің халықаралық қатынас контексіндегі оның өзіндік күш-қуатына тіреккөз болған қазақ қоғамындағы этноморальдық ұстанымдарға теориялық тұрғыдан талдау жасау мақсаты көзделеді. «Қоғам – моральдық универсум» концепциясы басшылыққа алынады. Мәселе – жан, тән, рух, ұят, ар, намыс – категориялары контексінде қарастырылады. Бұл жерде қазақ ділмарлығы әр адамның өз ұлттық құндылықтарын түйсінугіне, туған халқымен етенелігін сезінугіне, оның рухани мұраларына деген шексіз ықыласын арттыруға және туған елін қорғауға ұмтылысын жетілдіруге күш салады. Одан адамның абыройы асады, ол халық абыройымен ұласады, яғни абырой намыстың – рухани қоры мен өзегі деген идея көтеріледі. Бұл мәселе отандық халықаралық қатынастартану ғылымында алғаш рет көтеріліп отыр.

**Түйін сөздер.** Мемлекет, жан, тән, рух, мораль, ар, намыс, би-шешендер.

Қазақтың дәстүрді қоғамындағы, әсіресе ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ хандығы мемлекетінің моральдық құндылықтары мен өлшемдері қоғамның ішкі әрі сыртқы саясатын жүргізудегі реттеуші күш болуы, халықаралық қатынастың «режиссері» болуы біз үшін ғылыми тұрғыда қызығушылық туғызады. Осыдан туындайтын келесі мәселе – қоғамды моральдық контекс тұрғыдан алып, «қоғам – моральдық универсум» деген концепцияны бетке ала отырып, мемлекеттің күш-қуатын моральдық нормалар аясында қарастыруға қадам жасау. Мұндағы басты тұғырнамалық нәрсе – қоғамды, мемлекетті адамгершілікті универсум деп тану идеясы. Демек, қоғам адамзатының ерекше рухани-моральдық жасампаздық күш-қуатының жемісі ретінде мойындалады. Теориялық тұрғыдан алғанда егер адам

– табиғатынан қоғамдық жаратылыс болатын болса, әрі қоғам адамның рухани жасампаздық қуатының жемісі болатын болса, онда мораль да қоғамдық құбылыс болатыны анық. Мәселен, Гегель «моральдың» құрамдас үш элементін қарастырады: отбасы, азаматтық қоғам, мемлекет. Ол қоғамдық моральды жалпыға ортақ мүдде талабынан өрбітеді. Оның пікірінше, моральдың объективті мәні бір мезетте әрі тікелей отбасы рухы, әрі феноменалды қоғам рухы, әрі еркін мемлекет болып табылады [1,100].

Мораль қоғам мүшелерінің барлығына бірдей, бірақ қоғамда адамның алатын орнына сәйкес қатаң реттелуі тиіс. Бұдан қоғамдық моральдың ережелері келіп шығады. Бірінші ереже, туған елінің заңдары мен әдет-ғұрыптарына бойұсыну, тәрбиемен санаға құйылған рухани ілімге, дініне адал болу, қоғамдық бәтуалы істерге жүгіну. Екінші – қоғам ұстанымына беріктік таныту. Үшінші – моральдық тұрғыда халық мүддесіне қарай өзінді өзгертуге тырысу [1,80]. Осы ретте егер еліне деген сүйіспеншілік моральдық құбылыс дейтін болсақ, онда мораль халықаралық қатынастағы саяси үйлесімділікті сақтаудың жалпыға ортақ қажетті заңдылығы деуге негіз бар. Сүйіспеншілік адамдардың бастапқы біртұтастығын қалпына келтірудің бірден-бір жолы. Ол сол тіршілік иесінің ортақ іске біріктіре алатын қуат. Тараптарды бір бүтінге айналдыра алатын тартылыс күші деп мойындауға болады.

Жоғарыда көтерілген қоғамның моральдық контекстін түсіну әрі оны түсіндіру үшін біз енді адамның моральдық табиғаты құрылымын теориялық тұрғыдан қысқаша талдап кетуді жөн санаймыз. Жалпы теориялық тұрғыдан қарастырсақ, адам – жан, тән және рухтан құралатын құбылыс. Онтогендік тұрғыда адам – жан, тән, рух тұтастығын білдіреді. Демек, адам үш өлшем арқылы көрініс табады. Адамның әрі тәни, әрі жани, әрі рухани тіршілігінің болатыны келіп шығады. Тән – жанның, рухтың мекені. Әл-Ғазали: «адам көзбен көрінетін тәннен, ақылмен пайымдалатын рухтан және нәпсіден құралған» жаратылыс деп мойындаған. Діни ілімдерге сүйенсек, рух Алланың қалауын орындаса, жан тәннің бұл дүниедегі мақсаттарын орындайды. Осыдан адам рухы жоғары тартылса, тән жердегі тіршілікке тартылады дейтін таным қалыптасады. Бұл бізге қоғамның моральдық күш-қуатының қайнар көздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы ретте алдымен, біз адамдағы жан мен тәннің тұтастық бітімін теориялық тұрғыдан талдауға көңіл аударамыз. Мысалы, Платон антропологиялық дуализм позициясын ұстана отырып, адамды жан мен тәннен тұратын жаратылыс ретінде мойындайды. Августин адамды – жан мен тәннің қарама-қарсылығы ретінде қарастырады. Осыған ұқсас метатеориялық ой тұжырымдарды қазақ билерінің көзқарасынан да көптеп табуға болады. Айталық, «Балаң жақсы болса, жан мен тәннің шырағы...» (Төле би), «Жаны сергектің – тәні сергек», -деген шешендік нақылыдар соның дәлелі. Олай болса, адам болмысы – жан мен тәннің бірлігі болатыны ғылыми-теориялық ақиқат. Ахмет Байтұрсынұлының айтуынша да: «Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен бірі айырғысыз. Тәнсіз – жан жоқ, жансыз – тән тұра алмайды» [2,113]. Мұқтар Әуезовтың: «Тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады» [2,113], -деп айтқаны сондықтан болар. Жоғарыда айтылғандардан біздің зерттеуіміз үшін маңызды идея – ол бұл дуализмдегі шешуші рөл атқаратын жан феномені болмақ. Біздің пікірімізше, жан – адам мен қоғам табиғатындағы моральдық күш-қуаттың қалыптасу әрі сақталу ордасы. Жан – бүкіл моральдық факторлардың эпицентрі. Олай болса, адам – қоғамдағы рухани, моральдық күш-қуатты өндіруші күш дейтін теориялық шешім жасауға болады.

Ендігі бір көңіл аударатын мәселе – жан мен рух қатынасы, олардың диалогы адамның, қоғамның моральдық әлеуетіне қатыстылық дәрежесі. Олардың өзара бірлігіне теориялық тұрғыда қысқаша интерпритация беретін болсақ, ең алдымен, теориялық ғылымда берілетін бүкіл ғаламға қатысты рухтың кең мағынасын естен шығармауымыз керек. Кең мағынада рух – бүтіндей процесс. Олай болса, рух – бүкіл жаратылыс ғаламының ішкі болмысына енген «әмбебап-табиғи энергиялық бастамасы» [3,101], -дейтін көзқараспен

келісеміз. Ал рухты адамға қатысты қарастыратын болсақ ол – адамның өмірмәндік бітімін анықтайтын ұғым ретінде мойындалады. Демек, рух – адам болмысын құраушы субстанциялық бөлігі. Рух – адамның өмір сүру күш-дәрмені, оның белсенді қызметінің энергиясы, адамды толыққанды адам ететін ішкі қуаты. Рух – адамның өзін-өзі және өзін қоршаған әлуетін өзгеден қорғау әлеует әлемі. Олай болса, рух – адамның рухани-адамгершіліктік, яғни моральдық-психологиялық бастамасы. Егер рух адамның бүкіл ішкі рухан-энергиялық құрылымын түзуші болатын болса, онда ол – адамның бүкіл энергиялық ақпараттық әлемін жасаушы құбылыс болмақ [3,102]. Жалпы онтогенездік тұрғыдан алғанда рух–өзінің тікелей бинарлық оппозициясының (психика-эмоционалдық) «қауызы» ретіндегі және біздің жанымыздың кванттық өрістеу кеңістігі ретіндегі бүкіл адамзат әлемнің жаралуына себепкер болған құбылыс. Жан мен тәнді байланыстыратын - рух». Рух – жаратылыстың әр бөлшектерінің өзара ықпалды әрекетін реттеп отыратын қуат көзі. Шоқан Уәлихановтың көзқарасына сүйенетін болсақ, «рух – адамның мәгі жасайтын ішкі әлемі»[4,173],-дейтін принципті ұстануға негіз бар. Рухани болмыс – жан мен рухтан құралған. Олай болса, рух – жанның ақыл, білім жүйесі. Әл-Ғазалидің айтуынша «рух – Алла Тағаланың бізге сыйлаған білім орны». Шәкәрімнің айтысында «Рух жанның сәулесі, қуаты, оның ажырамас бөлігі, қасиеті, тәнмен байланыстыратын құралы, азаттық әлемнің ықпалынан қорғайтын қорабы, сауыты тәрізді. Жан – Ғаламның мәңгілік энергиялық ақпараттық «қауызы» ретіндегі жаратылыс. Яғни, Ғалам – өз тіршілігін өзіне сидырып тұрған рухани коммуитарлық бүтін. Ол тектік коммуитарлық бастама ретінде пайда болады. Олай болса, жалпы адамзат тарихы адамдардың шығармашылық әрекетінің нәтижесі ретінде рухани коммуникация жемісі дегуге негіз бар. Рух – адамның басқарушысы, жанның эфирлік кеңістігі, адам психикасының, іс-әрекетінің, мінез-құлқының негізі әрі өрісі.

Осыдан «рух» пен «мораль» ұғымдарының өзара қатынасы және олардың тұтастығы туралы теориялық-әдіснамалық мәселе туындайды. Рух – моральдық жүйенің айнасы, асыл қазынасы, онтогендік бастауы. Ал мораль – рухтың тыныс алу кеңістігі, көріну формасының қағидаттық жүйесі. Мораль – ұлттық рухтың көрсеткіші. Қоғамдық мораль – мемлекеттің алтын қазығы. Моральдың мықтылығы – мемлекеттің мығымдылығы мен оның тұрақты дамуының кепілі. Демек, рух пен мораль жеке адамнан басталатын бүкіл ұлттық ерекшеліктерді: қабілетін, күш-қуатын, әлеуетін айқындайтын тұтас жүйе.

Олай болса, жоғарыда біз қарастырып отырған хандарымыздың, билеріміздің, батырларымыздың, дүлдiл шешендеріміздің, ақын-жырауларымыздың қарапайым адамдардан ерекшелігі де олардың сол рухында жатпақ. «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі» [2,11], -деп Мұстафа Шоқайдың айтқаны соның дәлелі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс»[5], -дегенінің мәнісі сонда болар. Осы орайда адам мен қоғам үйлесімдігін қамтамасыз етуде тек заң ғана жалғыз реттеуші күш болған жоқ. Сонымен бірге, ең алдымен, елдің салт-дәстүрі немесе әр елдің рухани моральдық жүйесі де қоғамдық қатынасты реттеуші күш мәртебесіне ие болғанын айтумыз керек. Екіншіден, әр елдің заңдық жүйесінің өзі оның рухани-моральдық жүйесінің сұрыпталған формасы деп айта аламыз. Мәселен, әлемдік тәжірибені есекрсек, Ежелгі Қытайда конфуций концепциясы мемлекетті басқаруда дәстүрлік тәртіпті бірінші орынға қойып, дәстүр шешуші фактор ретінде мойындалған. Халықаралық қатынасты зерттеуші Батыс өңірі ғалымдары да елдің күш-қуаты контексіндегі моральдық фактордың рөлін мойындайды, тіпті оны зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Мәселен, Ф.Гизо қоғамдық өмірдегі моральдық факторды да жоққа шығармайды.

Ендеше қазақ даналығы қоғамды құраушы ретіндегі адамның қандай негізгі атрибутивтік қасиеттеріне көңіл бөлген және ондағы рухани-моральдық пайымдаулар нендей деген мәселе тұрады. Қазақтың дала қоғамында да: Жер – ана рухы; ата-баба рухы, ел рухы; халықтық рух; ұлттық рух; Отан рухы; даналық рух; жауынгерлік рух; батырлық рух; мемле-

кетшілдік рух; қоғамшылдық рух; әлеуметшілдік рух – сияқты дәстүрлі нормалар қоғамдық қатынастың әр саласында моральдық күш-қуат көзі құзырына ие болып, рухани-әлеуеттік қызмет атқарған. Мұнда негізгі рөлді этноморальдық ұстанымдар атқарды десек болады. Демек, адамның да, қоғамның да адамгершіліктік құрылымы қоғамдық қатынаста зор маңыздылыққа ие болып, саясаи басым бағдар ретінде қызмет еткен. Осы ретте негізінен – ұят, ар, намыс, борыш, ұлт тұтастығы мен бірлігі т.б. – сияқты ұғымдар алдыға шыққан. Бұлар қазақ халқының рухан кодының қайнар көздері деп айта аламыз. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев рухани жаңғыруды болашақ бағдары ретінде қарастыра келіп: «...Қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бас-тау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғыр-намасы» [5], -деп көрсетеді.

Енді сол жоғарыда көрсетілген ұлттың рухани кодына айналған қоғамның күш-қуатын құрастыратын моральдық көздеріне қысқаша талдау керек деп есептейміз. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қоғамшыл азамттарына тән моральдық кодексі қалыптасқан. Соның бірі – «Ар» феномені. Ар – адамның моральдық мазмұнын көрсететін ұғым. Ар ұғымы әрбір жан иесінің өз іс-әрекеті үшін өзінің алдындағы моральдық жауапкершілікті сезінуін, әділетті болуға деген ішкі ниетін білдіреді. Олай болса, арды әр жеке тұлғаның адалдық, шыншылдық, әділдік, кеңпейілділік, кісілік, ұждан сияқты сапалық белгілерін бағалаумен байланысты болатын моральдық-этикалық және кешенді қоғамдық құбылыс деп айта аламыз. Ар адамдардың табиғи болмысынан өрбіп отыратын жалпы қоғамдық рухани-әдептік кеңістікті қамтитын жалпы категория деуге негіз бар. Ар - адамға қатысты сезім, оның тұлғалық құрылымының құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық-болмыстық қасиет. «Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза» (М.Әуезов) деген ой тұжырымсоның дәлелі. Ар – бұл адамға қойылатын елдік, ұлттық, қоғамдық, азаматтық, мемлекеттік талаптардың адамның ішкі рухани болмысына сіңірілген, моральдық болмысына айналдырылған үні және адамның қоғамы адамгершілігінің көрсеткіші. Халық даналығындағы “Жарлы болма, арлы бол” деген нақыл сөз содан қалған.

Қазақ би-шешендері ар мәселесіне аса зор көңіл бөлген де оны адамның иманды болмысының өлшем бірлігінің бірі ретінде қарастырған. Сонау бағзы дәуірлерден жеткен Майқы бидің шешендік тәмсілдерінде «ар» мәселесі былайша қойылады: «Жанның ұлы Ар мен Хұн, тартқызбас бізге зар мен мұн». Бұл тұста ар адамның рухани әрі жани дүниесінің константалық бірлігі болатынын мойындаған тұғырнама анық байқалады. Ар қоғам рухының сақшысы әрі жан сүйеніші мен қорғаны дейтін идея жатыр. «Әдептілік ар-ұят – адамдықтың белгісі...», «Жарлы болсаң да, арлы бол» -деген қазақтың шешендік нақылдары сондай таңым-түсініктің көріну формасы болған деп айтуға болады. Қазақ шешендігі адам мен қоғам – арлы жаратылыс деген тұжырымды ұсынады. «Ары жоқтың ақылы жоқ» деген халық мақалының астарына үнілетін болсақ, ар қоғамдық сана үшін айқындаушы фактор болатындығын ескертеді. Ар – қоғам бүтіндігі мен тұтастығы өлшемі. Шәкәрімнің «ар ілімі» бойынша, Ар – адамзатының Алла аманатын сақтаушы және жауап беруші рухани субстанциясы, ар – жанның болмысы. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген халық даналығы соның кепілі болса керек.

Қоғамның моральдық өмірінде ар адамның мінез-құлықтарын реттеуші қызметін атқарады. Бір жағынан ол адамның іс-әрекетін бағалайтын болса, екінші жағынан, адамды кейбір маңызды, әлеумет үшін құнды істерге итермелейді, үшіншіден, ол теріс істерден

сақтандырушы қорғанысы болады. Мұны «Арға мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па», «Ұят пен ар қымбат», (Қазыбек би) деп айтқаны, айғақтап тұр. Мысалы, Балпық би: «Қадірлей білсең – ар қымбат ...» немесе «Ар – ұяттың белгісі...» (Ескелді би), –деп ар биіктігін оның нәзіктігімен, құрметтілігімен танытады. Осыдан қоғамның моральдық өмірінде ар – адамның мінез-құлықтарын реттеуші қызмет атқаратындығын байқаймыз. «Арынды сатпа, малыңды сат...» (Бапан би), «Кедеймін деп налынба, арынды сатып жалынба» (Есей би), «Мал-дүние іздеп, арымызды сатпайық, ата-баба аруағын сақтайық» (Шоған би), –деп келетін шешендік нақылдар сол бір қоғамдық қызметтің қорғаушысы қызметін атқарып тұрудың сақшысы болатындай идеяны дәріптеп тұрғандай болады. Ар бір жағынан адамның қоғамдық іс-әрекетін бағалайды, екінші жағынан, адамды ел үшін қандайда бір азаматтық істерге итермемлейді, теріс істерден сақтандырады. Оған «Батырың өтті Бөгенбай! Еңбек қылған ел үшін, жауда кеткен кек үшін, қазақтың абырой-арына сарып қылған бар күшін» (Бұқар би), –деген шешендік нұсқалар мысал бола алады. Мұнда ар – қоғам болмысындағы түйінді моральдық құндылық, зор куат-күш дейтін идея жатыр. Қ.Ш.Бейсенов: «Ар ұғымы – адамгершілік, ізгілік қағидаларына, қоғамда ... қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғыларға сәйкес адамның іс-әрекетін шектейтін, реттейтін ішкі рухани қысымды бейнелейді» –деп көрсетеді.

Арлылық мінездің шолғыншы-өшеуіші ретінде “ұят” ұғымын алуға болады. Ұят ардың нақты жағдайда көрініс табу формасын білдіреді. Мысалы, қорқақтық жасау – ұят, әдепсіздік көрсету – ұят, үлкенді сыйламау – ұят және т.б. Шағырай шешен: «Ұят та жоқ, ар да жоқ, әсіресе барда жоқ, бұзылып тұр заманым» –дей келіп, осы бір біздің заманның, қоғамның мінезін дәл көрсетіп тұрғандай болады. Ұят – адамгершіліктің қорғаны, ардың – қосшысы. Өйткені ұятты іс-әрекет кісіліктен шығарады, намысыңды келтіреді, арға тиеді. Төле би Қарабек батырға қаратып: “Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұяттың өзі біліп тұрса игі”, –деген шешендік толғауды айта келіп, адамның ар-иманды білу қасиетімен айқындалатын адамның моральдық келбетін көрсететін асыл мінезі болатындығын аңғартады. Ұят жоқ жерде береке де, бірлік те болмайды, кісілік мінез жоғалады да арсыздық орын тебеді. Сайып келгенде, Төле би-шешен адамтану, тұлға тану, рухани құндылықты танудың ұлттық әдіснамалық жүйенің үлгісін пайымдауға тырысады. Сондықтан қазақ шешендігі «Ұяттың жоғалтқан адам бәрін де жоғалтады», –деген моральдық ұстанымдарды алға тартады. Ұят пен ардың азаюы немесе тіпті жоғалуы әлеуметтің адамдықтан шығу есігі дегенге меңзейді. Ар-ұят – адамдағы болмыстық онтос, априорлық қасиет, жаратылыстық бітім. Сондықтан «ар-ұят – адамның, қоғамның жан азығы» болып табылады. Қоғамның рухани субстанциясы – ар. Олай болса, «Бәрінен де ұят пен ар қымбат» (Қабан би) –дейтін қағида содан қалған деуге болады. Мұнда ар адамның қоғамдық болмыспен қатыстылығын анықтайды деген идея көтеріледі. Өйткені ардың төгіліп, төгілмеуінің өлшеуіші әлеуметтік қатынастағы адамға берілетін рухани салыстырмалы баға болып табылады. Ар адамның әлеуметтік қатынасқа түсу аясындағы орны мен рөлін анықтайтын қоғамдық сана мен қоғамдық пікірдің қалыптасу өлшемі. Адамның арына қарай оған деген көзқарас, оның әлеуметтік мінез сапасына деген пікір қалыптасады. Арына қарай адамның қоғамдағы беделі анықталады десек артық айтпағандық. Осы орайда Жетек шешеннің: «... Мен адам – адам болса екен, ардан безбесе екен, ...ерлікке бастаса екен, елдің шырқын бұзбаса екен...деп соны іздеп барамын» –деп айтқанын келтіруге болады. Міне, бұл айтылған шешендік арнау ар феноменінің қаншалықты қоғамдық руханият болатындығынан хабар берсе керек. Олай болса, ар қоғам болмысындағы маңызды да түйінді моральдық құндылық. «Қайғысыз қара су – тоқтық, жарлыға ар емес жоқтық» (Киікбай би) –деп айтылған шешендік нақыл, адамды ар сақтауға баулиды. Сондықтан арлы болу – ардақты болу деген сөз. Арлы адам әрқашанда көптің құрметіне бөленеді.

Қоғамның күш-қуатын құрастыратын моральдық бастаудың келесі бірі – «намыс» ұғымы. Намыс – адамның әлеуметтік-қоғамдық бітімін, азаматтық оң позициясын, рухани

болмысын сипаттайтын моральдық-құндылықтық категория. Адамның жан дүниесіндегі намыс сезімі оның ел-жұртына, ұлтына, туған жеріне, отанына, ата-анасына, отбасына, қоршаған ортасы мен қоғамына деген пәк ықылас-қатынасынан туындайды және осылардың бүтіндігі үшін күресі арқылы көрініс табады. Осы тұста «Ел намысы – ер намысы», -деп келетін шешендік нақылға сүйенетін ұлттық әдіснамалық тұғырнаманы аңғаруға болады. Намыс адамның ар-ождан, абырой, борыш сияқты рухани құндылықтық қиеттерімен қатар оның еліне, отанына, мелекетіне, қоғамына, ұлтына деген қатынасының мәндік болмысын білдіреді. «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» –деп келетін шешендік тұжырым соның дәлелі. Олай болса, намыс кез-келген азаматтың универсумдық рухани бітімін білдіретін уникум құбылыс. Намыс қазақ дүниетанымында “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы”, –деген ұстанымға негізделеді. Мұндай ұстаным шындығында адамның ішкі жан-дүниесіне жар салатын намыстық үн-ұран әрі бұл қазақ шешендік өнеріндегі намыс феноменін түсіндіруге қатысты қисынды акме-ой жүйесін, намысты қайрау әдіснама кешенін көрсетеді. Рухани құндылық тұрғысынан алғанда намыс – адамның рухани әлемін бейнелейтін моральдық құбылыс, оның рухани бітімінің имманенттік субстанциясы, ішкі моральдық интенциялық әлеуетінің құрамдас бөлігі. «Ат – шабысына қарай шабады, ер – намысына қарай шабады» (Сырым шешен), -деп келетін шешендік арнау соның дәлелі. Осыдан келіп, «Ерді – намыс өлтірер, қоянды – қамыс өлтірер», -деген рухани-моральдық қағида туындайды. Бұл пастулат, намыс – адамның рухани болмысында болмай қоймайтын абсолютті қасиет, намыс сезімінсіз адам баласы жаратылуы мүмкін емес дегенді білдіреді.

Қазақ шешендігі «Ер – намыс универсумы» дейтін концептіні алға тартады. Сондықтан намыс ең алдымен, субъектінің өзін-өзі тануынан бастау алып, қоршаған ортаны сезініп-қабылдауына ұласады. Осыдан – намысқорлық, намысшылдық қасиет туындайды. Төле бидің Тайкелтірдің келешегін болжай келе: «...Ел намысын жібермей, қысылғанда халқына пана бола алатын алғыр, ұтымды адам болып өскелі тұр...», -деп айтқаны соны көрсетпек. Бұл Төле бидің намысқа жұмыс істейтін, ел намысының қарақшысы болатын намысқор азаматын болжап, білудегі әдіскерлік пайымын білдірсе керек. Тұлғаның намысқорлық бітімін қалыптастыруға бағытталған тәлімгерлік моделі деуге болады. Ел намысына қызмет ету ер-азамат үшін басты парыз, негізгі борыш дейтін таным тұғырын ұсынады. Ер-азаматты сондай намыс әлеміне баулудың тактикалық сұлбасын Ескелді бидің: «...Сыпайы туған бұл жұртым, ...дұшпанға намыс бермеген...», -деп айтқандарынан байқауға болады. Мұнда намыстың жұмсалу кеңістігі анықталады, яғни намыс өз жұртының барын паш етуден, оны көздің қарашығындай сақтаудан басталады дегенге меңзейді. Осыдан келіп: «Ұл мен қызды қаматып, намысқа шаппай түн қатып, көз жұмып кекке текке отыра алмайтын елміз» (Қазыбек би), -деп айтылған шешендік толғаудан намыстың бүкіл қазақ елі үшін қызмет ету аясы анықталады. Сонымен біз «ер – намыс консулы» дейтін концептіні аңғара аламыз. Бұл бір жағынан, намысты адамның кісілік және адамдық болмысын айқындайтын асыл қасиеті дегенді білдірсе, екінші жағынан, намыс әр азаматтың қоғамдағы өз орынын белгілеуі және сонан соң ел алдындағы өзінің адамдық борышын, халқына қызмет ету бағытындағы тұлғаның отансүйгіштік сезімін оятудың тәлімгерлік моделін көрсетеді. Бұл жерде қазақ ділмарлығы әр адамның өз ұлттық құндылықтарын түйсінуіне, туған халқымен етенелігін сезінуіне, оның рухани мұраларына деген шексіз ықыласын арттыруға және туған елін қорғауға ұмтылысын жетілдіруге күш салады. Одан адамның абыройы асады, ол халық абыройымен ұласады, яғни абырой намыстың – рухани қоры мен өзегі деген идея көтеріледі. Демек, қазақ шешендік сөз өнері намысқа қызмет жасайтын және оны тезге салып қайрайтын өнеге-үлгі ойлар кенті мен кешені деуге әбден болады. Бұдан қазақ даласындағы сөз ұсталарының намыс феномені туралы әрі концептуальдық, әрі перцептуальдық пайымдау сана өрісін және намысты қазақтың рухани камертоны дәрежесіне көтеру моделін байқаймыз.

Халқымыз ұлттық рухты сіңіруде намысты жоғалтпау – елдігіміздің нығаюының кепілі деп санаған. Осыдан: «Намысыңды жастан сақт! Халқыңды алалама! Жақыныңды жаралама! Қалысыңды қаралама!» (Сары би), «Екі ойлы болма, екі ұшты сөйлеме» (Бөлтірік шешен), «Ер ақылды болғанда, елден қайрат табылар» (Бекболат би), -деген намысқа жұмыс жасайтын ереже-канондар келіп шығады. Демек, намыс адамға тән қасиеттің бірі – ізгі сүйіспеншілік, жауапкершілік, адалдық сезімдермен тығыз байланысты құбылыс болып шығады. Егер сүйіспеншілік намыстың сезімдік қоры болса, намыс оның құндылықтық мазмұны болады. Жауапкершілік намыс үшін қажеттілік факторы болса, намыс жауапкершіліктің көріну формасы болып табылады. Ал адалдық намыстың моральдық ұстанымы болса, намыс адалдықтың әрекеттік қыры деуге болады. Бұл тұста қазақ шешендік өнерінің адам болмысы мен оның өмір сүру көпқырлылығынан намыс феноменінің полифониялық сипатын анықтау жүесінің ерекшелігін болжау қиын емес.

Сонымен қазақ ділмарлығындағы адамды азаматтық намысқа уағыздайтын қисындарға келсек, ол өзінше бір құбылыс деуге болады. «Қалыптан шықсаң да, намыстан шықпа», -дейтін намыс оты деуге болады. Сонымен бірге, бұл келтірілген мысалдар намыс қай заманда да, қандай жағдайда да елдің елдігін, адамның адамдығын білдіретін негізгі – қуат күші болған құндылық екенін мойындатады. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өте өткір де күшті, лезде бас көтеретін тылсым сезім. Сондай-ақ, намыс – елдің қорғаныс құралы мен қуат-күші. Жалпы мұсылмандықта, оның ішінде қазақта адамның намысына тию – кешірілмес әдепсіздікке жатады. Намыс жайлы Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Ер жігіттің үш намысы бар: бірі – иманы, екіншісі – отаны, үшіншісі – отбасы, өзгесі жалған намыс» –деп көрсетіледі. Адамның намысын қозғайтын сыртқы ықпалдармен қатар, оның ішкі мінезіндегі қиғаш көріністермен де күресе білу намысқа салмақ салатын, намыстың көрінер де қызмет етер тұсы болып табылады. Намыс – адамның ішкі сезімі әрі ар-абыройын қорғайтын рухани қауызы. Қорыта айтқанда намыс – адам рухының көрініс табу формасы. Сондықтан қазақтың қоғамдық санасында «рухы бірдің – намысы бір, намысы бірдің – рухы бір» рухани идеологиялық парадигма қалыптасқан. Ол өз тарапынан бүкіл қазақ хандығы мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатында басты ұстанымға айналып, жалпы мемлекеттік күш-қуат әлеуетінің өлшемі болғанын анық байқаймыз.

Қазақ батырларының өздеріне тән жауынгерлік этикасы мен моральдық нормалары қалыптасқаны белгілі. Олар ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. Нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болды. Орыстың жазба деректерінде Кенесарының: «Мен батыршылдығымды ешқашан тастамаймын және ерліктің кереметін көрсетіп өлемін» - дегені айтылады. Бұл келтірілген мысалдан батырлық рух пен елдік рухтың бір жерге тоғысуын, алдыңғысының кейінгісіне жұсалуындағы моральдық ұстаным үлгісін, ал соңғысының елдің этноморальдық күш-қуатына дем беру үдерісін аңғарамыз. Сонымен бірге, батырдың жеке тұлғалық бітіміндегі күш-қайрат ел-жұртының күш-қуаттық әлеуетінің өлшемі дейтін саяси-идеологиялық идеяны байқау қиын емес. Осыған ұқсайтын көзқарасты Есет би-батыр өзі туралы: «Мен, мен едім, мен едім, қатарға салсаң қайыспас. Қас қара нар мен едім, шабуыл салса шаршамас шыны тұлпар мен едім. Су шашырап, жел тимес, аударылмас қара кеме едім қасарысып келгенде, қап түбіне сыймаған қара болат мен едім. ...Заманымда өзімнің еңсеріскен ер көрдім. Жасанысқан жау көрдім, тізелескен дау көрдім. Үрікпедім, саспадым. Бір өтірік болмасын, табаным тайып қашпадым», -деген шешендік шиырынан таба аламыз. Есет батырдың «еңсеріскен ер көрдім», «жасанысқан жау көрдім», -деген толғауынан елдік намысқа жұмсалған, азаматтық арға мінәжат етілген сыртқы саяси ынта-жігері мен қызметін көреміз. Ал «қатарға салсаң қайыспас», «шабуыл салса шаршамас шыны тұлпар мен едім», -деген шешендік теңеулерден шыдамдылық, табандылық, төзімділік сияқты ерлік пен қайсарлық рухқа қызмет етіп тұрған моральдық қуатты аңғарамыз. Мәселен, адам тұлғасы ол – тілек.

Өз болмысында табандылық көрсету, оның дәл осы мәнімен анықталады. Тілек белсенді күшті, адамзат тіршілігін қолдауға бағытталған күш-жігерді көрсетеді. «Аударылмас қара кеме едім», «қара болат мен едім», -деген өзіндік баға батырлық рухтан хабар беретін мінездің бітімін білдіреді. Ең соңында «үрікпедім, саспадым», «табаным тайып қашпадым», -деген шешендік бітімнен қазақтың намыс рухына негізделген қайсарлық мінезді байқаймыз. Батырлардың рухани-моральдық бет-бейнесі мен негізгі қызметін халқымыздың, хандық мемлекеттің сыртқы саясатындағы саяси күш-қуаты жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып тұрғаны анық байқалады. Бұл өз кезегінде қазақтың батыр тұлғаларының сыртқы саяси қатынас «уақыт ағымымен орайлас келген даналық, жауынгерлік» [6,95] күш-қуаттың аясын білдірсе керек. Ескелді батырға Төле бидің: «...Табаныңнан мұз өтсін, маңдайыңнан күн өтсін. ...Мұратың халық болсын, алдың жарық болсын!», -деп берген шешендік батасы соның кепілі болмақ. Мұнда да Төле би халықтық рухты батыр мұратына байлайды. Ол батырдың ер-азаматтық жауапкершілігіне жүктеліп, жауынгерлік мінезді шынықтыра түседі. Батырлық қазақ қоғамында ежелден өмір салты ретінде қалыптасқан ерекше рухани феномен. Қазақ би-шешендерінің шешендік алқау-арнауларында батырдың батырлық болмыс-бітіміне берген бағасында осы бір далалық салттың мәдени-рухани идеалы жасалған. Мысалы, Төле би өзінің Тұрсынбай, Құттыбай дейтін батыр жігіттеріне қарап былай депті: «Асыл тусаң Керей бол, үш қазаққа мерей бол. Уақ болсаң Шоға бол, даулы істе жорға бол. Арғын-Қыпшақ болсаң Алтай бол, найман-қоңырат болсаң Матай бол. Байұлы болсаң Адай бол, үйсін болсаң Ботбай бол. Бұл алтауы болмасаң, қалай болсаң солай бол?», -деген шешендік арнауларынан қазақ даласындағы батыр бабалардың ерлік пен батырлық бітім-мінезге баға береді. Сонымен бірге, Төле бидің шешендік толғауынан батырлық мінез бүкіл хандық қоғам мен мемлекеттің рухани-моральдық күш-қуатының көзі ретінде дәріптеу моделін көреміз. Мемлекетті батырлар рухымен шыңдап, батырлар қызметімен нығайту мақсатын жасырмайды. Ноғайбай бидің: «Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт», -деген шешендік алқау-арнауынан да сондай сарындағы батырлық мінезге берілген бағаны аңғарамыз. Оны елдің тағдырына бааланған жақсылықтың белгісі деп біледі. Мысалы, «Еліне қарап ері туады», «Ақылды елді оздырады» (Ескелді би), -деген шешендік нақылдар соның куәсі. Мұнда негізінен елдік рух ерлік мінезге жүктеліп, ел мінез ердің ақылы мен қайраты арқылы көрініс табатыны айтылады. Ел тәуелсіздігі ердің рухани-моральдық батылдық пен ұстамдылыққа аманатталады. Аристотель батылдық пен ұстамдылықты қайырымды мінездің нақты түрлері ретінде қарастыра келіп, батылдық – қорқақтық пен жанкештіліктің тең ортасы. Аристотельдің пікірінше, адам әрқашан тең ортаны ұстануға талпынуы тиіс [1, 17-18]. Осы мәселе қазақ ойшылдарының шығармашылығында да көрініс тапқан. Мысалы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Ат болсын, киім болсын, мінез болсын, Құба төбел істі қыл жарасымды. ...Артық алу, Не кем салу, Қапы қалу жарамас» – деп ой толғайды. Сондай-ақ, билер батыр ата-баба рухын еске сала отырып, оны негізге ала отырып, елді, жерді, елдің территориясын сақтау дәстүрі – қазақтың хандық қоғамының ең басты нысаны болғанын айғақтайды. Жаугершілі заманның мінезіне сай болу, тарихтың қатаң талабын жауп бере білу ердің ісі дегенге саяды [6, 96]. Мысалы, Парламент Сенатының депутаты Қайрат Ищанов: «...Бабалардан мирас болған ізгі қасиеттерді қайта түлетіп, асылдарымызды ардақтап, ұлттық қазыналарымызды қастерлеп, барымызды қадірлейтін, адамзатқа игілік пен адамгершілік әкелетін алтын дінгек болған дағдылы дәстүрімізді өркендету міндеті тұр» [7], -деген пікірді алға тартады. Теориялық тұрғыдан алғанда қасиет – адамның әдетке айналдырған ішкі дүниесінің кемелдігі. Қасиет біздің әртүрлі жағдайларға бейімделуге қабілеттілігімізден көрініс табады [1, 17]. Нәбижан Мұхаметханұлы «ынтымақтастықты сақтау өзіміздің ішкі дипломатиялық шеберлігімізге байланысты» [8], -деп есептейді. Бұл көзқарастар қазақ даласындағы озық ұлттық адамгершілік сананың бүкіл мемлекеттің рухани қуатының тектамыры болатынын қуаттап тұрса керек.



## Әдебиеттер тізімі

- 1 Реми Хесс. 25 ключевых книг по философии. Перевод с французского С. М. Каюмова, Ю. Ф. Пучкова. Челябинск: «Урал LTD», -1999. -368 с.
- 2 Алаш ұлағаты: Азат қайраткерлерінің ел болашағын елестеткен қанатты, даналық, түйін ойлары. Құрастырған Исин Амантай. –Алматы, 2017. -224 б.
- 3 Капышев А., Колчигин С. Онтология Духа. –Алматы: издательство «СаJa», 2005. -204 с. (101 б.)
